


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(12)2025



ӘӨЖ 069(051)

**ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНІҢ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРЫ: ТАРИХЫ МЕН
МАЗМҰНЫНА ШОЛУ****Н. Жолбарыс**

ҚР Ұлттық орталық музейі

Аннотация. Мақалада музей ісіндегі мерзімді басылымдардың қалыптасуы мен дамуы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің хронологиялық шеңбері ХІХ ғасырдың ортасынан бастап ХХІ ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі кезеңді қамтиды. ХХ ғасырдың басынан бастап Еуропа елдері мен АҚШ және халықаралық музейлік ұйымдардың аясында жарық көрген жетекші салалық журналдардың музей теориясы мен практикасының дамуына қосқан үлесі айқындалады.

Өзекті мәселе ретінде Қазақстандағы музейлік мерзімді басылымдардың тарихына ерекше назар аударылған. 1930 жылы жарық көрген «Qazaqstan ortalıq musejiniñ tilı – Вестник Центрального музея Казакстана» журналынан бастап, тәуелсіздік жылдарындағы «Қазақстан музейлері – Музеи Казахстана», «Мәдени мұра», өңірлік музейлер шығарған журналдар мен бюллетеньдер, сондай-ақ соңғы жылдары жарық көрген ғылыми-практикалық және электронды басылымдар жан-жақты талданады. Әр басылымның мазмұндық бағыты, ғылыми-әдістемелік деңгейі, музей ісінің теориясы мен практикасына ықпалы сараланады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы музейлік мерзімді басылымдардың музей ісін дамытудағы, кәсіби тәжірибені таратудағы және ғылыми коммуникацияны қалыптастырудағы рөлін айқындайды. Сонымен қатар, зерттеуде отандық музейлік басылымдардың сапасын арттыру, рецензиялау жүйесін жетілдіру және электронды нұсқаларын қолжетімді ету сияқты өзекті мәселелерге де көңіл бөлінеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің негізгі материалдық базасын ХІХ ғасырдың ортасынан бастап ХХІ ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі кезеңде жарық көрген отандық және шетелдік музейлік мерзімді басылымдар құрайды. Атап айтқанда, Еуропа, АҚШ және халықаралық музейлік ұйымдар аясында шығарылған салалық журналдар мен бюллетеньдер, сондай-ақ Қазақстандағы музей ісіне арналған алғашқы және кейінгі кезеңдердегі мерзімді басылымдар зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстан музейлерінің ресми сайттарында, архивтік қорларда және ғылыми кітапханаларда сақталған баспа және электронды нұсқадағы материалдар пайдаланылды.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық әдіс қолданылып, музейлік мерзімді басылымдардың пайда болуы мен даму эволюциясы талданды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы отандық музейлік журналдардың мазмұндық бағыты, құрылымдық ерекшеліктері мен ғылыми-әдістемелік деңгейі салыстырылды. Контент-талдау әдісі басылымдарда жарияланған материалдардың тақырыптық құрылымын, музей ісінің теориялық және практикалық мәселелерінің қамтылу дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар жүйелі талдау әдісі музейлік мерзімді басылымдарды музей ісінің дамуына ықпал ететін ғылыми коммуникация құралы ретінде қарастыруға негіз болды. Сандық әдістер арқылы жекелеген журналдарда жарияланған музей ісіне қатысты мақалалардың үлесі мен динамикасы анықталды. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау барысында дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау қағидаттары сақталып, алынған мәліметтер музейтану ғылымының теориялық тұжырымдарымен сабақтастырылды.

Тірек сөздер: музей ісі, музеология, музейлік мерзімді басылымдар, ғылыми журналдар, музейлік коммуникация, музей тарихы, Қазақстан музейлері, ғылыми-әдістемелік басылымдар, музей тәжірибесі, мәдени мұра.

Сілтеме жасау үшін: Жолбарыс Н. Қазақстан музейлерінің мерзімді басылымдары: тарихы мен мазмұнына шолу // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), 39-49 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.04

ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ МУЗЕЕВ КАЗАХСТАНА: ОБЗОР ИСТОРИИ И СОДЕРЖАНИЯ

Н. Жолбарыс

Национальный центральный музей Республики Казахстан

Аннотация. В статье комплексно рассматривается формирование и развитие периодических изданий в музейной сфере. Хронологические рамки исследования охватывают период с середины XIX века до первой четверти XXI века. С начала XX века анализируется вклад ведущих отраслевых журналов, издававшихся в странах Европы, США и в рамках международных музейных организаций, в развитие теории и практики музейного дела.

Особое внимание уделено истории музейных периодических изданий в Казахстане. Рассматриваются издания начиная с журнала «Qazaqstan ortalыq musejiniń tili – Вестник Центрального музея Казахстана» (1930 г.), а также журналы и бюллетени региональных музеев в годы независимости: «Қазақстан музейлері – Музеи Казахстана», «Мәдени мұра», научно-практические и электронные издания последних лет. Анализируются тематические направления каждого издания, уровень научно-методической проработки и влияние на теорию и практику музейного дела.

Результаты исследования определяют роль музейных периодических изданий в развитии музейного дела в Казахстане, распространении профессионального опыта и формировании научной коммуникации. Кроме того, внимание уделено актуальным вопросам повышения качества отечественных музейных изданий, совершенствования системы рецензирования и доступности электронных версий.

Материалы и методы исследования. Основу исследования составляют отечественные и зарубежные музейные периодические издания, выходившие с середины XIX века до первой четверти XXI века. В частности, рассмотрены отраслевые журналы и бюллетени, издававшиеся в Европе, США и в рамках международных музейных организаций, а также периодические издания, посвященные музейной деятельности в Казахстане на раннем и последующем этапах. Использовались также печатные и электронные материалы, сохраненные на официальных сайтах музеев Казахстана, в архивных фондах и научных библиотеках.

При исследовании применялся историко-генетический метод для анализа возникновения и эволюции музейных периодических изданий. Сравнительно-исторический метод позволил сопоставить тематические направления, структурные особенности и научно-методический уровень отечественных музейных журналов. Метод контент-анализа обеспечил выявление тематической структуры публикаций и степени охвата теоретических и практических вопросов музейного дела.

Кроме того, системный анализ позволил рассматривать музейные периодические издания как инструмент научной коммуникации, способствующий развитию музейного дела. С помощью цифровых методов определялись доля и динамика публикаций, посвященных музейной деятельности в отдельных журналах. При интерпретации результатов исследования соблюдались принципы критического анализа источников, а полученные данные сопоставлялись с теоретическими положениями музейной науки.

Ключевые слова: музейное дело, музеология, музейные периодические издания, научные журналы, музейная коммуникация, история музеев, музеи Казахстана, научно-методические издания, музейная практика, культурное наследие.

Для цитирования: Жолбарыс Н. Периодические издания музеев Казахстана: обзор истории и содержания // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), с. 39-49. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.04

PERIODICAL PUBLICATIONS OF MUSEUMS IN KAZAKHSTAN: AN OVERVIEW OF HISTORY AND CONTENT

N. Zholbarys

The National Central Museum of the Republic of Kazakhstan

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the formation and development of periodical publications in the museum field. The chronological scope of the study covers the period from the mid-19th century to the first quarter of the 21st century. From the early 20th century, the article highlights the contribution of leading specialized journals published in European countries, the United States, and within international museum organizations to the development of museum theory and practice.

A special focus is placed on the history of museum periodicals in Kazakhstan. The study examines publications starting with the journal «Qazaqstan ortalыq musejiniń tili – Bulletin of the Central Museum of Kazakhstan» (1930), as well as journals and bulletins of regional museums during the years of independence, including Museums of Kazakhstan – Қазақстан музейлері, Mädeni Mura, scientific-practical, and electronic publications of recent years. Each publication's thematic focus, scientific-methodological level, and impact on museum theory and practice are analyzed.

The study results define the role of museum periodicals in developing museum practice in Kazakhstan, disseminating professional experience, and fostering scientific communication. Additionally, attention is given to current issues such as improving the quality of domestic museum publications, enhancing the peer-review system, and ensuring accessibility of electronic versions.

Materials and Methods. The main material base of the study consists of domestic and foreign museum periodicals published from the mid-19th century to the first quarter of the 21st century. Specifically, specialized journals and bulletins issued in Europe, the United States, and by international museum organizations, as well as early and later domestic museum periodicals, were examined. Print and electronic materials available on the official websites of museums in Kazakhstan, archival collections, and scientific libraries were also utilized.

The historical-genetic method was applied to analyze the emergence and evolution of museum periodicals. The comparative-historical method allowed for comparing thematic directions, structural features, and the scientific-methodological level of domestic museum journals. Content analysis enabled the identification of the thematic structure of publications and the extent to which theoretical and practical museum issues were covered.

Furthermore, a systematic analysis allowed museum periodicals to be considered as tools of scientific communication contributing to the development of museum practice. Digital methods were used to determine the share and dynamics of museum-related articles in individual journals. During the interpretation of the results, principles of critical source analysis were maintained, and the data obtained were correlated with theoretical concepts in museology.

Keywords: museum studies, museology, museum periodicals, scientific journals, museum communication, museum history, museums of Kazakhstan, scientific-methodological publications, museum practice, cultural heritage.

For citation: Zholbarys N. Periodical publications of museums in Kazakhstan: an overview of history and content // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), pp. 39-49. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.04

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. XIX ғасырдың ортасында Еуропада музей ісі мен гуманитарлық ғылымдардың дамуы жаңа ғылыми парадигмалармен тығыз байланысты болды. Сондықтан музей ісінің тарихындағы алғашқы мерзімді басылым туралы айтылғанда неміс филологы және тарихшысы, орта ғасыр әдебиеті жөніндегі маман Иоганн Георг Теодор фон Грассенің (1814-1885) есімі аталады.

Ғылыми қызметін орта ғасырдағы әдебиет тарихын зерттеуден бастаған фон Грассенің шығармашылық қызметі жолында 1850 жылдардан кейін музей ісі маңызды орын алды. 1848 жылы Дрездендегі Мюнцкабинеттің инспекторы, ал 1864-1882 жылдары Еуропадағы ең бай көркем-тарихи музейлердің бірі саналатын «Жасыл күмбездер» музейінің

басшылығында болуы фон Грассенің музей қызметінің мәні мен міндеттері, сондай-ақ музеологияны дербес ғылыми пән ретінде қарастыруына ықпал етті. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойғы тәжірибесіне сүйене отырып, 1878 жылы фон Грассе арнайы ғылыми журналдың негізін қалады. Алғашқыда «Жалпы музеология және оған жақын ғылымдар журналы» деп аталған басылым кейін «Музеология және антиквариаттану, сондай-ақ оларға жақын ғылымдар журналы» деген атауға ие болды. Алғашқы нөмірі «Біз нені қалаймыз» атты бағдарламалық мақаламен ашылып, онда журналдың ғылыми бағыты мен мақсаттары айқындалды. Өкінішке қарай журнал 1885 жылы фон Грассе қайтыс болғаннан кейін шығуын тоқтатты. Атақты ғалым негізін қалаған журнал XIX ғасырдың соңында музеология ғылымының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан маңызды ғылыми коммуникация құралына айналған басылым ретінде тарихта қалды [Ананьев, 2018: 56-60].

Музей ісі тарихында мерзімді басылымдар шығару ісі XX ғасырдың басында қарқын алып, осы уақытқа дейін ерекше маңыз беріліп келеді. Еуропада Иоганн Георг Теодор фон Грассенің журналынан кейін 1890-1893 жылдары Францияда өнертанушы, Люксембург музейінің директоры Леонс Бенедит (1856-1925) пен сәндік-қолданбалы өнер саласының маманы Эдуард Гарнье (1840-1903) негізін қалаған «Музейлер бюллетені: Ай сайынғы журнал» («Bulletin des musées: revue mensuelle publiée sous le patronage de la Direction des beaux-arts et de la Direction des musées nationaux») жарық көрді. Осы басылымдардан кейін 1901 жылы Ұлыбританияның Museums Association ұйымы бүгінгі күнге дейін шығарып келе жатқан салалық ай сайынғы «Музей журналы» («Museums Journal») басылымын шығарып, 1905 жылы Дрезденде «Музей ісі. Қоғамдық және жеке коллекцияларды басқару мен техникасы туралы журнал» («Museumskunde. Zeitschrift für Verwaltung und Technik öffentlicher und privater Sammlungen»), Ұлыбританияның музейлер қауымдастығы «Музей бюллетені» (1918 жылдан «Музей ісі» («Museum Work») журналы, ССРО-да 1920-1924 жылдары «Қазанның музей хабаршысы» («Казанский музейный вестник») журналы мен 1931-1940 жылдары «Советтік музей» («Советский музей») журналы (1983 жылы қайта жаңғырған, қазіргі атауы «Мир музея»), Халықаралық музейлер бюросының 1927-1946 жылдары «Музейон: Музеографияға халықаралық шолу» («Museum: Revue Internationale de Muséographie») журналы (1947 жылдан бастап журнал бүгінгі күнге дейін «Музеум интернэшнл» («Museum International» журналы), Германияда 1958 жылы «Жаңа музей ісі» («Neue Museumskunde»), АҚШ-та «Куратор: Музей журналы» («Curator: The Museum Journal»), 1953 жылы Загребте «Музеология» («Muzeologija») журналы, 1982 жылы «Музей менеджменті мен кураторлық қызметтің халықаралық журналы» («International Journal of Museum Management and Curatorship»), 1990 жылдан бері «Museum Management and Curatorship»), Ұлыбританияның Лестер университетінің Музейлік зерттеулер мектебі жанынан 2003 жылдан бері «Музей және қоғам» («Museum and Society») журналы, Бразилияның Рио-де-Жанейро университетінде 2008 жылдан бастап «Музеология және мұра» («Revista Museologia e Patrimônio») журналы, Ресейдің Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде 2010 жылдан «Музеология мәселелері» («The Problems of Museology») журналы шыға бастады [Ананьев, 2013: 11-13].

Музеологияда мерзімді басылымдар музей ісін жүйелі түрде дамытудың маңызды құралдарының бірі болып саналады. XIX-XX ғасырларда Еуропа елдерінде музей журналдары тек жаңалықтар мен ақпарат қана бермей, музей теориясы мен практикасындағы жаңа бағыттарды қалыптастыруға да ықпал етті. Мысалы, Германиядағы «Museumskunde», Ұлыбританиядағы «Museum Work» және «Museums Journal», Франциядағы «Bulletin des musées» журналдары музей қызметкерлерінің кәсіби тәжірибесін таратуға, халықаралық байланыстарды нығайтуға және музей ісіндегі стандарттарды қалыптастыруға бағытталған.

Жоғарыда келтірілген музеологиялық басылымдардың атауларының өзгеруі мен кейбір уақытта шықпай қалғанын есептегенде музей ісі дамыған елдерде музеологиялық басылымдардың жүйелі түрде басылып келе жатқанын көруге болады. Кейбірінің тарихы 120 жылдан асады. Осы тұста музей ісінің тарихы 200 жылға жуықтайтын Қазақстандағы музеологиялық басылымдардың тарихы мен мазмұны және елдегі музей ісінің дамуындағы рөліне қатысты мәселелерді қарастыру маңызды болып отыр.

Қазақстан музей ісінің тарихындағы алғашқы басылым 1930 жылы «Qazaqstan ortalыq musejiniñ tili» - «Вестник Центрального музея Казакстана» атауымен Бүкілқазақстандық

бірінші өлкетанушылар съезінің қарсаңында Қызылорда қаласында жарық көрді. Бұл басылымның 1000 данамен 1 саны ғана шыққан. Атауы қазақ және орыс тілінде болғанымен журналдың ішіндегі барлық материал орыс тілінде жазылды. Басылымға «№1» деп реттік санын қоюына қарағанда тұрақты түрде шығарып отыруды жоспарлағаны байқалады. Оның әрі қарай шықпау себебіне қатысты деректер кездеспейді. Мазмұны 4 бөлімге бөлініп, 1-бөлімде Қазақстан музейлерінің міндеттері мен экспедициялық жұмыстары, Орталық музейдің геологиялық бөлімінің мәселелері, Қазақстан кітап палатасы мен Орталық архив бюросының өлкетануды зерттеудегі рөліне қатысты материалдар жарияланған. Ал 2-бөлімде 1921 жылғы Алматыдағы сел көшкіні, Семей өңіріне жасалған фенологиялық барлау жұмыстары, қазіргі Атырау өңіріндегі кеміргіштер туралы жазбалар жарияланған. Басылымның 3-бөлімінде Қазақстанның алдағы уақыттағы археологиялық зерттеулердегі міндеті, Ақмола округінің материалдық мәдени ескерткіштері, өрмекшілерді жинауға арналған нұсқаулық, бейіттерге экскурсия туралы материалдар, парсы және өзбек халқының мәдениетіне де қатысты мақалалар берілген. Соңғы 4-бөлімі ресми құжаттарға арналған. Атап айтқанда, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің Қазақстандағы табиғатты, көне ескерткіштер мен өнерді қорғау жөніндегі жергілікті ведомствоаралық комиссиялар туралы қаулысын қолдану жөніндегі нұсқаулық, Қазақстанның табиғатты, көне ескерткіштер мен өнерді қорғау жөніндегі комитеті туралы ереже, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесі хаттамасынан үзінділер, Қазақстан халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің Қазақстан музейлеріне үндеуі, Қазақстанның Орталық музейінің өлкенің музей-өлкетану ұйымдарына үндеуі, Орталық музейдің өз тілшілеріне үндеуі тәрізді ресми ақпараттар жарияланған [Вестник Центрального музея Казакстана, 1930].

Материалдардың арасында музейлерге нақты әдістемелік тұрғыдан көмек болатын жариялымдар сирек кездеседі. Басылымның мазмұнында өлкетану жұмыстарына назар аударылып, басым бөлігі тарихи-өлкетанушылық деректерді қамтиды. Мазмұнының осылайша қалыптастырылуына Бүкілқазақстандық бірінші өлкетанушылар съезінің қарсаңында шығуы себеп болған деп қорытынды жасауға болады.

«Qazaqstan ortalıq musejiniñ tili» – «Вестник Центрального музея Казакстана» басылымынан кейін ұзақ жылдар бойы Қазақстан музейлеріне арналған журнал немесе газет болмады.

Осы уақытта ССРО көлемінде 1931-1940 жылдары «Советский музей» журналы жарыққа шығып тұрды. Сол кездегі жаппай қуғын-сүргінге аталған журнал мен оның алғашқы бас редакторы Иван Луппол (1896-1943) да ілігіп, 1940 жылы сотталып, 1943 жылы лагерьде қайтыс болды. И.Луппол сотталғаннан кейін журнал да жабылды [Форминская, 2025: <https://xn--e1adcpbxw2h.xn--p1ai/tpost/m3fvm47cx1-muzeevedenie-vsssr-pachalo>]. Осы оқиғадан кейін ССРО және оның құрамында болған Қазақстанның музейлеріне де кәсіби журналдың жетіспеушілігі байқалды. Арада 40 жылдан астам уақыт өткен соң, 1983 жылы «Советский музей» журналы қайта жарық көріп, ССРО-дағы музейлерге таратыла бастады. Аталған журнал Қазақстандағы ірі музейлерге ғана жетті. Аудандық немесе шағын қалалардағы музейлер музей ісіне арналған кәсіби мерзімді баспасөзге мүлде қолжеткізе алмады.

1990 жылдардың соңына қарай музей ісіне арналған конференциялар мен ресми жиындарда Қазақстанның музей ісіне арналған жеке басылымының болуы керектігі туралы мәселе көтеріле бастады. Мәселен, 1998 жылы Алматыдағы ҚР Мемлекеттік орталық музейі (қазіргі ҚР Ұлттық орталық музейі) ұйымдастырған «Отан тарихының негізгі кезеңдерін музей экспозицияларында көрсету проблемасы» атты I республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысушылар салалық министрлікке 18 тармақтан тұратын ұсыныс жолдаған. Ұсыныстардың арасында 4-ретпен «Музей жаршысы-Музейный вестник» атаумен қазақ және орыс тілдерінде журнал немесе бюллетень шығарылсын» деген жолдар кездеседі [Мақанов, 2002; 14]. Аталған ұсыныс арада 4 жылдан соң ғана 2002 жылғы 17-20 наурыз аралығында Түркістан қаласында өткен «Қазақстандағы музей ісінің өзекті мәселелері: тәжірибе және перспективалар» атты II республикалық ғылыми-практикалық конференциясы кезінде шешімін тапқан. Жаңадан ашылатын журналдың құрылтайшысы ретінде ҚР Президенттік мәдени орталығы бекітіліп, сол жылғы 5 желтоқсанда «Қазақстан музейлері – Музеи Казахстана» журналы жарыққа шықты [Шәкен, 2024; 108]. Журналдың алғашқы

саны «Қазақстандағы музей ісінің өзекті мәселелері: тәжірибе және перспективалар» атты II республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдарына арналды. Бас редактор болып ҚР Президенттік мәдени орталығының директоры Ұлықбек Шарахынұлы Ибрагимов бекітілді.

Журнал «Жобалар, ойлар, тәжірибелер», «Археологиялық экспедициялар зерттеулерінен», «Музей өмірі», «Хабар, жарнама» тәрізді бөлімдерден тұрды. Мазмұны жағынан алғашқы жылдары журналда жарияланған материалдар ақпараттық, танымдық, тарихи-биографиялық сипатта болды. Әдістемелік сипаттағы материалдар сирек кездеседі. 2006 жылы журналдың атауы «Мәдени мұра» деп ауыстырылып, негізгі көздеген ғылыми-әдістемелік бағытынан мүлде ауытқып, жалпы тарихи-мәдени, рухани мұраны насихаттайтын журналға айналды. Мысалы, «Мәдени мұра» журналының 2009 жылғы №6 (27) санында журналда жарияланған 22 мақаланың 2-еуі ғана музей ісі тақырыбына арналған. Атап айтқанда, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Күләнда Темірғалиеваның авторлығымен шыққан «Научное исследование и внедрение инноваций в музейную практику» мақаласы мен Бибінұр Санақұлованың «Қайта жаңғырған қасиетті жәдігер» мақаласы. Журналдың осы номерінде арглабин препараты туралы 7 беттік, Қарағанды облысындағы кеншілер туралы 5 беттік және Қарағандыдағы білім ошақтарының тыныс-тіршілігі туралы өзге де мақалалардың жариялануы журналдың осы номерлердегі миссиясының орындалмағанын көрсетеді.

Аталған журнал 2014 жылы ҚР Ұлттық музейіне беріліп, 2020 жылдан бастап ғылыми журналға айналды. Журнал кейіннен «Мәдени мұра» – «Культурное наследие» – «Cultural heritage» деген үш тілдегі атаумен шыға бастады. Журналдың тақырыптық бағыттары қатарында тарих, археология, этнография, антропология, музейтану, ескерткіштерді қорғау, материалдық емес мәдени мұра, түркология, пәнаралық байланыстар бар. Ғылыми журналға айналған уақыттан бері 2025 жылдың соңына дейін журналдың 24 номері жарыққа шыққан. Журналдың 2020 жылғы номерлерінде музей ісіне қатысты 9 мақала, 2021 жылғы номерлерінде 3 мақала, 2022 жылғы номерлерінде 5 мақала, 2023 жылғы номерлерінде 3 мақала, 2024 жылғы номерлерінде 3 мақала, 2025 жылғы номерлерінде 3 мақала жарияланған. Мақалалардың басым бөлігінің сипаты ақпараттық, танымдық болып келеді. Кейбір номерлеріндегі мақалаларда «музей» сөзі болғандықтан «Музей ісі» айдарына енгізгені байқалады. Мысалы, 2021 жылғы №2 санындағы 140-144 беттеріндегі мақаланы «Музей ісі» айдарынан гөрі исламтану тақырыбындағы айдарларға орналастырған жөн еді. Ал 2022 жылғы №1 санында жарияланған «Тарихи мұраны ұлықтаған жоба» атты мақала мазмұны жағынан сапалы болғанымен, мақаланың атауы ғылыми журналдың деңгейіне сай келмейді. Журналдың 2020-2022 жылдары шығарылған номерлеріндегі музей ісіне қатысты мақалаларды рецензиялау жұмыстарының әлсіз болғаны байқалады.

Ал 2023-2025 жылдары журналдың мазмұны күшейіп, кәсіби ортада жоғары бағаланды. Нәтижесінде журнал Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 603 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес, 2025 жылғы қазан айынан бастап, археология, этнология, тарих, музей ісі ғылыми бағыттары бойынша ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін 2-тізім бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енді.

«Қазақстан музейлері – Музеи Казахстана» журналынан кейін өңірлердегі музейлердің де жанынан музейлік мерзімді басылымдар шыға бастады. Облыстардағы музейлердің ішінен алғашқы болып, өзінің жеке басылымын жарыққа шығарған – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі.

Музейдің сол кездегі директоры Еркін Құрманбековтің басшылығымен 2005 жылы «*Музей жаршысы*» атты облыстық басылым жарық көрді. Журнал 2005-2006 жылдары 15-19 беттен тұрса, 2007 жылдан 2010 жылға дейін журналға шыққан материалдар 29-30 бетті құрады.

Журналда 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасының бірінші, сосын екінші кезеңдері бойынша жүргізілген жұмыстар, музейде ұйымдастырылып өткізілген шаралар туралы, яғни шара атауы, мақсаты, кімдер қатысты, қандай деректер

айтты, шара барысында қанша жәдігер музей қорына түсті, қысқаша мәлімет ретінде жарияланған. Сонымен қатар музейлік шараларды дайындауда қойылатын талаптар берілді, яғни кездесу немесе кешті өткізу үшін қандай жұмыстар жасалады, ұйымдастыру жұмыстарының бағыттары нақтыланып көрсетілді. Сонымен қатар, аудандық музейлерге іссапарлар, облыстық музей қызметкерлері жүргізген тексеру жұмыстарының қорытындылары жарияланды. Журналда музей қорындағы заттарды сақтау, оны құжаттау жөнінде әдістемелік кеңестер жарияланды. Археологиялық қазба жұмыстары қай жерлерде жүргізілді, мақсаты, табылған жәдігерлер туралы толық деректер келтірілген.

Музейдегі қор жұмыстарын дұрыс, талапқа сай жүргізуге көмек ретінде Ғылыми сипаттама карточкасының музейдің бас қор сақтаушысы Шәйзада Мұқашева толтырған үлгісі ұсынылған. Музей қызметкеріне әдістемелік көмек ретінде музей қорына келіп түскен заттарды есепке алу жүйесі, дәріс оқуға жолдама үлгісі, аудандық музей қызметкерлерінің Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде іс-тәжірибеден өту кестесі, мекемелерде, оқу орындарында, ашылған қоғамдық музейлердің тізімдері, тақырыптық-құрылымдық экспозициялық жоспарлар жасауға арналған әдістемелік нұсқау, музейдің ғылыми қызметкері Рысты Досова дайындаған «Тыңға 50 жыл» көрмесінің тақырыптық-құрылымдық жоспары мен көрменің экспозициялық жоспары жарияланды. Жыл аяғындағы санында музейдің ғылыми кітапханасы туралы деректер беріліп, оған түскен кітаптарға қысқаша шолу жасалып отырды [Сарыбай, 2020: <https://kazmuseum.kz/muzeologiya-m-seleleri/item/1984-mujej-zharshysy-adistemelik-zhurnaly-tarikhy>]. Журнал 2010 жылы жауапты құрастырушы, музей қызметкері Алмагүл Сарыбайдың музейдің басқа бөліміндегі қызметке ауысуына байланысты шығуын тоқтатқан.

Арада 13 жыл өткен соң музей басшылығы «Музей жаршысы» журналын қайта қолға алып, 2023 жылы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Мейрам Дүйсенғалидың бас редакторлығымен қайта жарыққа шықты [Музей жаршысы, 2023: 2]. Қайта жаңғырған басылымның мазмұны күшейіп, редакциялық кеңеске ғылыми дәрежесі бар ғалымдар тартылды. Журнал «Археология мәселелері», «Музей коллекциялары», «Музей ісі», «Өлкетану», «Тұлғалар», «Ескерткіштер, туризм», «Оқиғалар» тәрізді бөлімдерге бөлініп, әр номерінде 30 шақты мақаладан жарияланып келеді. Оның ішінде музей ісінің теориялық-практикалық мәселелеріне арналған мақалалардың саны 10-нан асады. Қазақстандағы өзге музейлік басылымдарымен салыстырғанда Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Музей жаршысы» басылымы музей ісінің теориясы мен практикасына қатысты жиі мақала жариялайтын басылым екенін байқауға болады.

Отандық музейлік басылымдардың қатарындағы үшінші басылым – **«Мирас» журналы**. Аталған журнал Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті музейінің құрылтайшылығымен 2007-2022 жылдар аралығында жылына төрт рет тұрақты түрде жарық көріп отырды.

Басылым беттерінде қоғам қайраткерлері мен музейдің ғылыми қызметкерлері дайындаған мақалалар жарияланды. Жарияланымдардың мазмұны қоғамдық, әлеуметтік және экономикалық салалардағы өзекті мәселелерді талдауға бағытталды. «Мирас» журналының Қазақстандағы өзге музейлік басылымдардан басты ерекшелігі – әрбір санының белгілі бір тақырыптық бағыт аясында шығарылуы. Мәселен, 2016 жылғы №4 саны «Рухани құндылықтар – мәдени болмыстың қайнар көзі» тақырыбына арналса, 2017 жылғы №1 саны «Ұлтаралық татулық – Қазақстан халқы бірлігінің негізі» тақырыбында жарық көрді [Мирас, 2025: <https://tinyurl.com/h3n74tb8>].

Журнал материалдарының едәуір бөлігі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі мен саяси қызметін зерделеуге арналған. Атап айтқанда, Нұрсұлтан Әбішұлының жастық Museum шағы, саяси мансаптық жолы, дипломатиялық қызметі және халықаралық қауымдастықтағы рөліне қатысты мақалалар жарияланды. Бұл жарияланымдардың басым бөлігі Тұңғыш Президент музейінің қорында сақталған фотосуреттер мен заттай деректер негізінде ұсынылып, тарихи тұлғаның қызметі музейлік дереккөздер призмасы арқылы талданды.

Музейлік басылымдардың қатарын толықтыруда Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің алар орны ерекше. Музей-қорық тарапынан 2010 жылы **«Абай музейінің хабаршысы» журналы** шыға бастады.

Журналдың негізгі тақырыптық бағыттары ретінде әдебиеттану, философия, тарих салаларының өзекті тақырыптары, абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану, алаштану тәрізді музей-қорықтың бейініне сәйкес келетін тақырыптар таңдалды. 2010-2025 жылдар аралығында журналдың 34 номері жарық көрген [Абайдың музей-қорығының ресми сайты, 2025: <https://abai-museum.kz/zhurnal/>]. Журнал архивтеріне назар аударғанда жылына 4 рет шығатын номерлер біріктіріліп, 1-2 немесе 3-4 номерлер бір журнал ретінде басылғанын байқауға болады. Мысалы, 2025 жылға арналған 1-2 номерлерді біріктіріп, Абайдың 185 жылдығына арналған ғылыми конференцияның материалдарын жарияласа, осы жылғы 3-4 номер біріктіріліп, «Заманауи музейтану: цифрландыру, қолжетімділік және тұрақты даму» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары жарияланған. Журнал өзінің негізгі миссиясы – абайтану бағытындағы зерттеулер мен Абай музейінің қызметін бір арнада тоғыстыруды мүмкіндігінше атқарып отырған басылым ретінде қызмет етіп келеді.

Сонымен қатар, аталған музей-қорық 2012-2015 жылдар аралығында «Асыл мұра» газетін де жарыққа шығарды. Газет музей-қорықтың тыныс-тіршілігі туралы айына 1 рет, кейде 2 айда 1 рет хабар таратып тұрды.

Қазақстандағы музейлік басылымдардың қатарын 2014 жылы «Атамекен – Қазақстан картасы» этномемориалдық кешені шығарған **«ІСОМ Қазақстан. Қазақстан музейлерінің мұрасы» журналы** толықтырды [Журнал о музеях Казахстана презентовали в Астане, 2014 : <https://kaztag.kz/ru/news/zhurnal-o-muzeyakh-kazakhstan-prezentovali-v-astane>]. Журнал Астана қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасының қаржылай қолдауымен 2014-2017 жылдары шығып тұрды. Журналда Астана қаласының мәдени өмірі, музейлер мен галереялардың афишалары, мәдениет саласындағы танымал тұлғалардың сұхбаттары, жаңадан ашылған музейлер мен көрмелер жайлы ақпараттық хабарламалар жарияланып отырды. Мазмұны жағынан ақпараттық-танымдық сипатта болды.

Жоғарыда аталған журналдардың қатарына 2016 жылы музей жанынан газет шығару тәжірибесі де қолға алынды. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі шығарған **«Ясауи мұрасы» газеті** айына 1 рет 2000 данамен шығып тұрды. Газеттің жалпы саны 42 номері жарық көрді. Газет мазмұнын музей-қорық қызметкерлері өздері қалыптастырды. Газетте танымдық мақалалар, өткізілген іс-шаралар туралы хабарламалар, сұхбаттар, құттықтаулар, «Сіз білесіз бе?» айдары, кесенеде жерленген тарихи тұлғалар туралы деректер, хабарламалар жарияланады. Сонымен қатар Түркістан аумағындағы 100-ден астам тарихи-мәдени нысан мен музей-қорықтың қорында сақталған 24 мыңнан астам музейлік заттарға қатысты түрлі тақырыптағы мақалалар тұрақты түрде жарық көреді. [Байболов, 2021: 368]. Газет 2022 жылы шығуын тоқтатты.

Музейлердің басым бөлігі журнал шығарса, енді кейбірі газет шығаруды қолға алған тұста Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі 2017 жылы **«Музей альманахын»** шығаруды жүзеге асырды. Жылына 2 рет шығатын электронды альманах шығару идеясы музейдің сол кездегі директоры Гүлнар Нұрахметоваға тиесілі. Альманахтың барлық номері музейдің ресми сайтына жүктелген. 2017-2025 жылдар аралығында басылымның 19 номері жарыққа шыққан [Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің ресми сайты, 2025: <https://pavlkraimuz.kz/kz/infocenter/muzejnnyj-almanakh.html>]. Иллюстрациялы басылымның мазмұнын Павлодар қаласы мен өңір тарихы, облыстың мәдени өмірі, музей коллекцияларының насихаты, музейлік іс-шаралардың ақпараты тәрізді материалдар құрайды. Басылымда «Өлкетану», «Музей коллекциялары: зерттеу, жинақтау және сақтау мәселелері», «Мәдени мұра», «Музей өмірі», «Музей және тұлға» тәрізді бөлімдер бар. «Музей альманахы» кәсіби ортаға ғана емес, өңірдің мәдени өміріне қызығушылық танытатын оқырмандарға да арналған.

Музей ісіне арналған басылым шығару ісінде ҚР Ұлттық орталық музейі айрықша орын алды. Музей тарапынан 2023 жылы **«Museum.kz» ғылыми-практикалық журналы** жарыққа шықты. Журналдың бас редакторы болып, музейдің сол тұстағы директоры Рашида Харипова тағайындалды. Ал 2025 жылғы 1-номерден бастап, тарихшы-ғалым Нұрлан Атығай бас редактордың қызметін атқарып келеді. Осы уақыт аралығында 4 реттік кезектілікпен журналдың 11 номері жарияланды (2025 жылғы 1 желтоқсандағы дерек).

Көрсетілген 11 номердегі музей ісіне тікелей қатысты мақалалардың үлесі 44%-тен асады [Museum.kz : <https://journal-museum.kz/index.php/muzkz>]. Музей ісіне арналған мақалалардың басым бөлігін музейлердің қорындағы заттарды атрибуциялау мәселелері, музей экспозициясын құрудағы әр музейдің жекеленген тәжірибелері, музей ісіне жаңа технологияларды енгізу, музей педагогикасы тақырыптарындағы материалдар құрайды. Қазақстандық өзге музейлік басылымдарға қарағанда «Museum.kz» ғылыми-практикалық журналындағы авторлардың географиясы да ауқымды. Атап айтқанда, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина, Қытай, Түркия, Мажарстан, Израиль, Америка құрама штаттары және т.б елдердің музейтанушылары, этнографтары мен археологтары журналдың авторлары қатарынан табылады. Шетелдік ғалымдардың мақалаларының жиі жариялануына музейдің ұзақ жылдар бойғы халықаралық музейлік-ғылыми ортада қалыптасқан беделі мен журналдың үш тілде шығуы және редакция ұжымының шетел ғалымдарымен тұрақты кәсіби байланыс орнатуы себеп болып отыр.

2025 жылы Қазақстан музейлері басылымдарының қатары ҚР Ұлттық музейінің *«Музей әлемі» журналымен* толықты. Журналдың бас редакторы ретінде алғашқы номерінде музей директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Берік Әбдіғалиұлы көрсетілсе, 2-номерден бастап, бас редактор ретінде Айгүл Айтмуханова көрсетілген. Журнал жылына 4 реттік кезектілікпен шығады [Музей әлемі, 2025: 1,2]. Жыл басынан бері журналдың 4 номері жарық көрді. Журналдағы материалдардың мазмұны ақпараттық-танымдық ақпараттардан тұрады. Музей қызметкерлерінің естеліктері, жәдігерлер мен музей заттарының тарихын жариялауды жолға қойып келе жатқаны байқалады.

Музей-қорықтардың ішінен 2025 жылы мерзімді басылымын шығарған «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы болды. Ғылыми журнал ретінде *«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы бюллетені* деген атаумен музейдің ресми сайты арқылы 2025 жылғы қазан айында 1-номері көпшілікке ұсынылған басылымның жауапты редакторы – музей-қорықтың директоры Бибігүл Дандығараева. Бюллетеннің алғашқы санында «Таңбалы археологиялық ландшафты петроглифтерінің» ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілуінің 20 жылдығына (2004) арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдары жарияланған. Сонымен қатар басылымда 2024 жылы Алматы облысы аумағындағы Алмалы және Қоғалы аңғарларында орналасқан ескерткіштер кешенінде «Таңбалы» музей-қорығының тарихи-археологиялық кешенді экспедициясы (халықаралық қатысумен) жүргізген далалық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. «Музей ісі» бөлімі музей-қорық қоры материалдарына арналған жарияланымдарды қамтиды [Таңбалы мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының ресми сайты, 2025: <https://tanbaly.kz/kz/nauchnye-publikatsii/>]. «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы бюллетенінің жарық көруі музей-қорықтың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін жүйелі түрде жариялауға бағытталған қадамы деуге болады. Бұл басылым музей-қорықтың ғылыми-көпшілік ортада таныла түсуіне үлес қосары анық.

Қорытынды. XIX ғасырдың ортасынан бастап Еуропада жарық көрген алғашқы музейлік журналдар музей қызметінің теориялық негіздерін қалыптастыруға, практикалық тәжірибені жүйелеуге және кәсіби ғылыми коммуникация алаңын құруға елеулі үлес қосты. Бұл үрдіс кейіннен Қазақстандағы музейлік мерзімді басылымдардың пайда болуына және отандық музеологияның институционалдық тұрғыдан дамуына негіз болды.

Қазақстандағы музейлік басылымдардың эволюциясы елдегі тарихи-саяси жағдайлармен және мәдени саясаттың басымдықтарымен тығыз байланысты. Советтік кезеңде кәсіби салалық журналдардың жетіспеушілігі музей ісінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан шектелуіне әсер етсе, тәуелсіздік жылдарынан бастап музейлер жанынан журналдар, бюллетеньдер мен электронды басылымдар шығару үрдісі айтарлықтай жанданды. Алайда қазіргі кезеңде музейлік мерзімді басылымдардың ғылыми сапасын арттыру мақсатында бірқатар жүйелі мәселелерді шешу қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, жарияланымдарды сараптаудың негізгі тетігі ретінде рецензиялау институтын күшейту, жекелеген авторлар мақалаларының бірнеше басылымда қайталанып жариялануына жол бермеу үшін антиплагиаттық тексеруді міндетті талап ретінде енгізу, сондай-ақ кейбір журналдардың мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралы ретінде тіркелмеуіне

байланысты оларды қолданыстағы заңнама талаптарына сай ресми есепке алу да өзекті болып табылады.

Сонымен қатар музейлік мерзімді басылымдардың сапасын арттыру үшін редакциялық алқалар құрамына музей ісінің тарихы, теориясы мен практикасын терең меңгерген, ғылыми-зерттеуге шынайы қызығушылық танытатын білікті мамандарды тарту маңызды. Басылымдарда музей ісінің теориялық және қолданбалы мәселелеріне арналған мақалалардың үлесін арттыру қажеттілігі сезіледі. Журналдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ресми сайты жоқ басылымдардың электронды нұсқаларын құрылтайшы музейдің ресми интернет-ресурстарында тұрақты түрде жариялап отыру қажет. Сонымен бірге жарияланымдарға DOI нөмірін беру тәжірибесін енгізу музейлік журналдардың ғылыми дәйексөз алу көрсеткіштерін арттырып, олардың халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялануына мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы [Электронды ресурс]. Қолжетімді режим: <https://abai-museum.kz/zhurnal/> (қаралған күні: 05.12.2025).

Ананьев В. Г. История зарубежной музеологии: Идеи, люди, институты. Москва: Памятники исторической мысли, 2018. 392 с.

Ананьев В. Г. Национальные и международные музейные организации: учебно-методическое пособие. Санкт-Петербург, 2013. 140 с.

Байболов Б. Ясауи мұрасы. // Әзірет-Сұлтан энциклопедиясы/Бас ред. Н. Ахметжанов. Алматы: Алтын кітап, 2021. 384 с.

Вестник Центрального музея Казахстана. №1. Алма-Ата: Казиздат. 1930. 123 б.

Музей әлемі. №1–4. Астана: Астана қаласының жас мүгедектері баспасы, 2025.

Музей жаршысы. №2. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі журналы. 106 б.

Маканов Ж. О проблемах и перспективах музейного дела в Республике Казахстан // Қазақстан музейлері – Музеи Казахстана, 2002. 96 б.

Мирас. Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы [Электронды ресурс]. 2025. Қолжетімді режим: <https://tinyurl.com/h3n74tb8> (қаралған күні: 04.12.2025).

Museum.kz [Электронды ресурс]. 2025. Қолжетімді режим: <https://journal-museum.kz/index.php/muzkz> (қаралған күні: 07.12.2025).

Сарыбай А. «Музей жаршысы» әдістемелік журналының тарихы [Электронды ресурс]. Қолжетімді режим: <https://kazmuseum.kz/muzeologiya-m-seleleri/item/1984-muzej-zharshysy-adistemelik-zhurnaly-tarikhy> (қаралған күні: 04.12.2025).

Шәкен Т. С. Қазақтың музей ісіне арналған тұңғыш кәсіби журналы туралы // Музей аңызы жобасының материалдар жинағы /Редакциясын басқарған Жолбарыс Н. Астана, 2024. 180 с.

Журнал о музеях Казахстана презентовали в Астане [Электронды ресурс]. Қолжетімді режим: <https://kaztag.kz/ru/news/zhurnal-o-muzeях-kazakhstan-prezentovali-v-astane> (қаралған күні: 06.12.2025).

Таңбалы мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы [Электронды ресурс]. 2025. Қолжетімді режим: <https://tanbaly.kz/kz/nauchnye-publikatsii/> (қаралған күні: 08.12.2025).

Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі [Электронды ресурс]. Қолжетімді режим: <https://pavlkraimuz.kz/kz/infocenter/muzejnyj-almanakh.html> (қаралған күні: 06.12.2025).

Форминская П. Музееведение в СССР: начало [Электронды ресурс]. Қолжетімді режим: <https://xn--e1adcpbxw2h.xn--p1ai/tpost/m3fvm47cx1-muzevedenie-vssr-nachalo> (қаралған күні: 01.12.2025).

REFERENCES

Abaidyn «Zhidebai-Borili» memlekettik tarihi-madeni zhane adebi-memorialdykh muzei-khorygy [Elektrondy resurs]. Kholzhetimdi rezhim: <https://abai-museum.kz/zhurnal/> (qaralghan kunı: 05.12.2025). (In Kazakh)

Ananov V. G. Istoriya zarubezhnoi muzeologii: Idei, lyudi, instituty. Moskva: Pamyatniki istoricheskoi mysli, 2018. 392 s. (In Russian)

Ananov V. G. Natsionalnye i mezhdunarodnye muzeinye organizatsii: Uchebno-metodicheskoe posobie. Sankt-Peterburg, 2013. 140 s. (In Russian)

Baibolov B. Yasau murasy // Aziret-Sultan entsiklopediyasy / Bas red. N. Ahmetzhanov. Almaty: Altyn kitap, 2021. 384 s. (In Kazakh)

Vestnik Tsentralnogo muzeya Kazakhstana. №1. Alma-Ata: Kazizdat. 1930. 123 b.

Muzei alemi. #1–4. Astana: Astana khalasynyn zhas mugedekteri baspasy, 2025. (In Kazakh)

Muzei zharshysy. №2. Akhtobe oblystykh tarihi-olketanu muzeyi. (In Kazakh)

Makanov J. O problemah i perspektivah muzeinogo dela v Respublike Kazakhstan // Khazakhstan muzeileri – Muzei Kazakhstana, 96, 2002. (In Russian)

Miras. N. V. Gogol atyndagy Karagandy oblystykh ambebap gylymi kitaphanasy [Elektrondy resurs]. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://tinyurl.com/h3n74tb8> (kzaralkzan kuni: 04.12.2025). (In Kazakh)

Museum.kz [Elektrondy resurs]. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://journal-museum.kz/index.php/muzkz> (kharalkhan kuni: 07.12.2025). (In Kazakh)

Sarybai A. Muzei zharshysy adistemelik zhurnalynyn tarihy [Elektrondy resurs]. Kholzhetimdi rezhim: <https://kazmuseum.kz/muzeologiya-m-seleleri/item/1984-muzej-zharshysy-adistemelik-zhurnaly-tarikhy> (kzaralkzan kuni: 04.12.2025). (In Kazakh)

Shaken T. S. Khazakhtyn muzei isine arnalgan tungysh kasibi zhurnaly turaly // Muzei anyzy zhabasynyn materialdar zhinagy / Redaktsiyasyn baskhargan Zholbarys N. Astana, 2024. 180 s. (In Kazakh)

Zhurnal o muzeyah Kazakhstana prezentovali v Astane [Elektrondy resurs]. Kholzhetimdi rezhim: <https://kaztag.kz/ru/news/zhurnal-o-muzeyakh-kazakhstan-prezentovali-v-astane> (kharalghan kuni: 06.12.2025). (In Russian)

Tanbaly memlekettik tarihi-madeni zhane tabigi muzei-khorygy [Elektrondy resurs]. 2025. Kholzhetimdi rezhim: <https://tanbaly.kz/kz/nauchnye-publikatsii/> (kharalghan kuni: 08.12.2025). (In Kazakh)

G.N. Potanin atyndagy Pavlodar oblystykh tarihi-olketanu muzeyi [Elektrondy resurs]. Kholzhetimdi rezhim: <https://pavlkraimuz.kz/kz/infocenter/muzejnyj-almanakh.html> (kharalghan kuni: 06.12.2025). (In Kazakh)

Forminskaya P. Muzeevedenie v SSSR: nachalo [Elektrondy resurs]. Kholzhetimdi rezhim: <https://xn--e1adcpbxw2h.xn--p1ai/tpost/m3fvm47cx1-muzeevedenie-vsssr-nachalo> (kharalghan kuni: 01.12.2025). (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Жолбарыс Нұрсерік – ҚР Ұлттық Орталық музейінің қызметкері, музейтанушы (050051 Алматы қаласы, Самал-1, 44, Қазақстан). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Информация об авторе: Жолбарыс Нурсерик – сотрудник Национального центрального музея Республики Казахстан, музейный исследователь (050051, г. Алматы, Самал-1, 44, Казахстан). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Author information: Zholbarys Nurserik – staff member of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan, museologist (050051, Almaty, Samal-1, 44, Kazakhstan). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.12.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 12.12.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.12.2025.